

УДК.159.923

М. Ханафия, «Павлодар қаласының туберкулез жұқтырған балаларға арналған № 22 санаторлық үлгідегі сәбилер бақшасы» ММ

E-mail: Hanafiya77@mail.ru

Ж.К. Даниярова, педагогика ғылымдарының кандидаты

Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)

Жеке тұлғаның мінез акцентуациялары

***Аңдатпа.** Мінезде адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасының тарихы бейнеленеді. Мінез кең мағыналы ұғым. Мінездің акцентуациялануы – адамның әрекеті мен істерінде көрініс беретін мінез ерекшеліктеріне қарағанда жиі басымдылық танытатын, күшті дамыған мінез ерекшеліктері. Акцентуация әрқашанда белгілі бір белгілердің күшеюін ұсынады, сөйтіп жеке тұлғаның бұл белгісі акцентуацияланған болады. Мінез бүкіл өмір бойы қалыптасады. Өмірлік бейнесіне біріккен ойлар, сезімдер мен әрекеттердің бейнелері кіреді. Сондықтан да, адамның белгілі бір өмірлік бейнесінің қалыптасуымен қатар, оның «Мен» деген қасиеттің пайда болуымен анықталады.*

***Түйін сөздер:** Дара, күші, есею, тұйықталған.*

Психологияда «Мінез» деген ұғым іс-әрекет пен қарым-қатынаста қалыптасатын және бейнеленетін, осыған сәйкес белгілі бір мінез-құлығын айқындайтын жеке тұлғаның біріккен тұрақты индивидуалды ерекшеліктерін білдіреді. Адамның мінезі – ол қалыптасқан жағдайларға немесе қандай да бір стимулдарға білдіретін кездейсоқ реакциялары емес, ол адамның мәнді қылықтарын белгілейді. Мінезді адамның қылығы барлық жағдайларда да саналы түсіндіріле және анықтала алады. Мінез туралы айтқанда, біз әдетте адамның өзін дербес ұстай алу қабілеті, оның бірізділігі, тәуелсіздігі туралы түсініктерді байланыстырамыз. Ал осы мағынадағы мінесіз адам бұл іс-әрекет болса да, қарым-қатынасы болса да, ешқайсысында өзін жоғарыда аталған қасиеттерді байқатпайды, ондай адам өмірдің ағымымен жүре береді.

Адамдарды бір-бірінен тек қана жеке дара белгілері ғана емес, сонымен қатар олардың өміріндегі барысының дамуына байланысты айырмашылықтар ерекшеленеді. Адамның мінез-құлығы оның қандай отбасында туып-тәрбиеленуімен, қандай мектепте білім алуымен, мамандығы бойынша және қарым-қатынас шеңберінің ерекшеліктеріне тәуелді. Адамдар бір-бірінен осы айырмашылықтары қандай жолмен пайда болғанына тәуелсіз ерекшеленеді. Бір адамның басқа адамнан сыртқы келбеттері бойынша қалай өзгелгенше, сол сияқты әрбір адамның психикасында әр түрлі болады. Бірақ та индивидуалды белгілер көп те емес. Адамның индивидуалды анықтайтын психологиялық ерекшеліктер әр түрлі сфераларға жатқызуға болады: бейімділік пен қызығушылықтардың бағыттылық сферасы, сезімдер мен ерік-жігер сферасы, ассоциативті-интеллектуалдық сферасы [1, 5, 62]. Мінез бүкіл өмір бойы қалыптасады. Өмірлік бейнесіне біріккен ойлар, сезімдер мен әрекеттердің бейнелері кіреді. Сондықтан да, адамның белгілі бір өмірлік бейнесінің қалыптасуымен қатар, оның «Мен» деген қасиеттің пайда болуымен анықталады. Бірақ та мінездің қалыптасуы әрбір қоғамның (жанұя, достар тобы, сынып, спорттық тобы, еңбек ұжымы және т.б.) даму деңгейіне байланысты болады.

Әр адам сыртқы дүниенің санасыз тітіркеніштерге түрліше жауап қайтарып отырады. Бұл жауап реакциялары оның сыртқы дүниемен қалайша қатынас жасайтынын көрсетумен қатар, біртіндеп беки келе, сол адамның үйреншікті әдетіне, мінез-құлқының мәнеріне айналады. Сөйтіп, әр адамда әр түрлі мінез бітістерінің болуы оның сыртқы ортамен түрліше қарым-қатынас жасауының нәтижесі болып табылады. Адамның сыртқы ортамен байланысуы үшін жасайтын осындай қатынастарының жиынтығы оның мінезін құрайды. Адамның үйреншікті әдет болып қалыптасқан мінез бітістерінің кейде оның сыртқы ортамен жасайтын негізгі қатынастарына сәйкес келмейтін кездері де болады. Мәселен, біреудің қатал, не тамыр болуының негізінде адамды менсінбеу, тәкаппарсыну сияқты мінез қатынастарының тұрақты жүйесі жатпай, оның темпераментінің жүйке жүйесінің тұма қасиеттеріне байланысты қалыптасып кеткен әдеттерінің жатуы ықтимал. Мінез – бұл адамның негізгі өмірлік бет алысын және оның өзіндік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын сапалы өзгешілік. Ол - көп қасиеттің бірлігі, түрлі өзгешеліктердің қосындысы, снымен қатар, адамды әр қырынан көрсететін қасиет. Мінез бітістері көп. Олардың әрі де жеке адамның қасиеттері болып табылғанмен, мұның кез келгені мінездің бітістері болып саналмайды [2, 11-13]. Мінезді даралық өзгешеліктің өзегі, адамның негізгі тіршілік бағытының өрнегі деуге болады. Мінезде адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасының тарихы бейнеленеді. Мінез кең мағыналы ұғым. Онда түрлі сапалар тоғысып жатады. Мінездің моральдік жағынан тәрбиелігі, бірқалыптағы, толықтылығы, күші мен айқындығы, салмақтылығы – оның негізгі сапалары болып есептелінеді. Моральдік жағынан тәрбиеленген мінез адамды мінез-құлық тұрғысынан да, оның айналасымен байланысы тұрғысынан да сипаттап отырады. Инабаттылық, гуманизм, адамдарға қамқорлық, жолдастықты қадір тұту, жұртшылық пікірімен санаса білушілік, өзінің міндетін орындаудағы жауапкершілік пен адалдық-мінездің осы сапасының негізгі компоненттері. Рухани дүниесі бай қажеттері мен қызығулары, талғамы мен ой-өрісі кең адамдарды толық мінезді адам дейді. Мінез сапаларының бірі – оның бірқалыптылығы. Мұндай адам құйындай ұйтқып тұрмайды, оның

кастерлейтіні ылғи да сөз бен істің бірлігі. Кімнің мінезі толық болса, соның мінезі бір қалыпты да келеді. Бұл екеуі мінездің егіз қозыдай, бірінен екіншісі ешқашан ажырамайтын бітістер. Мінез тұрақтылығы адамның саяси моральдық ұғымнан, түсініктерінен туындайды. Бұл қасиеттер адамның өмір сүруінің мән-мағынасын, әрекетінің мазмұнын белгілейтін мінездің сапасы. Бірқалыпты, тұрақты мінезі бар адам басқалардың жетегінде кетпейді, оның өзінің белгілі көзқарасы, принципі, өзіндік мінез-құлқы болады. Инициатива мен белсенділік, достық пен жолдастық, адалдық пен шыншылдық осындай мінезді адамға тән қасиеттер. Ал мінездің күшіне мақсатқа жету жолында алда тұрған кедергілерді жеңе білуде көрінетін адам ұстамдылығының мөлшері жатады. Соңғы сапа болмаса да, мінез өз мәнінде болмайды.

Акцентуацияланған мінездер табиғи-биологиялық қасиеттерден емес, адамның өмір салтына белгілі бір өзінің мөмірлерін қалдыратын сыртқы ортаның факторларынан тәуелді болады. Акцентуация әрқашан да белгілі бір белгілердің күшеюін ұсынады, сөйтіп жеке тұлғаның бұл белгісі акцентуацияланған болады. Акцентуацияланған белгілер вариациялаған индивидуалды сияқты көп емес. Акцентуация сол индивидуалды белгілер болып табылады, бірақ бұл белгілердің бір ерекшелігі оларға патологиялық күйге ауысу тенденциясы тең. Олар жеке тұлғаға қатты әсер етіп, ақырында тұлғалық құрылымды бұзатын патологиялық алқапқа түсе алады [3, 124].

А.Е. Личконың пікірі бойынша, акцентуациялаған мінездің даму дисгормониялығы, оның кейбір жеке белгілерінің гипертрофиялық айқындылығы (ол тұлғаның белгілі бір ықпалдарға деген жоғары осалдылығы және оның кейбір спецификалық жағдаяттарға бейімділік қиындығы мен шартталғандығы) ретінде анықтауға болады. Бұл жерде айта кететін бір маңызды нәрсе: қандай да бір акцентуацияда маңызды орын алатын қандай да бір жерлердің таңдамалы осалдылығы басқа жерлерге деген жоғары тұрақтылықпен байланыса алады. Тура сол сияқты тұлғаның кейбір спецификалық жағдаяттарға әлеуметтік бейімділікке деген жоғары қабілеттерімен байланыса алады. Бұл жердегі «басқа жағдай өте объективті және неғұрлым күрделі де болуы мүмкін, бірақ акцентуацияға байланыспаған, оған референтті болмауы мүмкін. Личко барлық акцентуацияларды адамның есею барысында мінездің өтпелі, уақытша өзгерістері ретінде қарастырды. Сөйтіп, олардың көбі психикалық ауруларға ауысуында немесе адамның бүкіл өмірі барысында сақталады. Қазіргі өркениетті қарқынды даму заманында адамның қызмет ету, еңбек іс-әрекеті жүйелі-психологиялық қысымдықпен өте тығыз байланысты. Бұл қысымдықты урбанизация, өмір темпінің ағымы, ақпараттың көбеюі мен өсуі күшейте отырып, жүйкелі-психологиялық патологияның шекаралы формаларының пайда болуына және дамуына ықпал етеді. Бұл өзекті мәселе адамның психологиялық денсаулығын қорғаудағы маңызды психологиялық және психопрофилактикалық міндеттерінің мәселелеріне әкеп соғады. Бұл мәселелердің шешімі ең алдымен суьбклиникалық белгілерін ерте диагностикалау қажеттілігімен байланысты болады. Сол сияқты психожаракаттаушы факторлардың әсерінен психологиялық күйге ауысуға бейім мінез акцентуациясының диагностикасы өте маңызды роль атқарады. Өйткені мінез акцентуациясы тұлғаның өмірлік іс-әрекетінің әрбір аймағындағы қатынасына әсерін тигізеді. Адамның басқа адамдармен белсенді өзара әрекеттесетін мамандықтарда коммуникативтік және ұйымдастырушы қабілеттері іс-жұмыстардың жемісті және табысты болуы үшін қамтамасыздандыруға қажет етеді. Мұндай мамандықтарда жұмысшылар іс-әрекетінің ең бастысы мыналар болып табылады: ұжымды басқару, оқыту, тәрбиелеу, мәдени-ағартушылық пен тұрмыстық қызмет көрсету және т.б. Осы қасиеттердің жоғары деңгейлі дамуын қажет ететін мамандықтардың қатарына мұғалімнің еңбегінің, тренерлерді, оқытушыларды, дәрігерлерді, клубтің қызметкерлерін, әртүрлі бөлімшелер мен ғылыми мекемелердің бастықтарын және т.б. жатқызуға болады. Қызметкерлердің кәсіпшілік іс-әрекетінің табысы коммуникативтік-ұйымдастырушы қабілеттерінің даму деңгейіне және осы негізінде қалыптасқан адамдармен қарым-қатынас іскерлігіне, олардың алдарына қойылған мақсаттарының орындалуына тәуелді. Коммуникативтік-ұйымдастырушы қабілеттері көптеген «адам-адам» типінің мамандықтарында іс-жұмысының жемісін көруі үшін оның маңызды факторы болып табылады.

Адамның мәнін түсіну үшін оған ғана тән осы жоғарыда аталған әр түрлі белгілерге аса мұқият назар аудару керек. Адамның жеке даралығындағы вариацияны белгілейтін бітістер мен жеке тұлғаның акцентуациясын қалыптастыратын белгілер арасындағы шекараны ашып көрсету оңай емес. Акцентуация туралы ілімнің дамуы санау басында-ақ оның норманың ең шеткі варианттарынан «ограния» мәселесі пайда болған. В.М. Бехтерев 1886 жылы қалыпты жай-күй мен психопатия арасында өтпелі жай-күй туралы ой қозғаған болатын. Ал мұндай жайттарды П.Б. Ганнушкин (1933) «латентті психопатия» деп, М. Фрамер (1949), О.Б. Кербчечков «алғы психопатия» немесе «психопатия алды», Г.К. Ушаков (1973) – қалыпты варианттары деп белгіледі [4, 9–16]. Аса әйгілі неміс психиатр-психологі, Берлин университетінің неврологиялық клиникасының профессоры Карл Леонгардтың (1968) «акцентуацияланған жеке тұлға» термині пайда болды. Бірақ та акцентуацияланған емес, дұрыс айтылуы «мінездің акцентуациялары» деп табылды (Личко 1917). Жеке тұлға мінезге қарағанда әлдеқайда күрделірек ұғым. Оған интеллект (ақыл-ой), қабілеттер, бейімділіктер, дүниетаным тағы басқалар енеді. К. Леонгардтың жұмыстарында мінездің осы типтері туралы сипатталады. К. Леонгардтың еңбегінде «акцентуацияланған жеке тұлға» да, «мінездің акцентуацияланған белгілері» де қолданылады. К.Леонгардтың айтуынша, мінездің акцентуациясы – ол қалыпты жай-күйі мен психопатия арасындағы

аралық. Оның пікірінше, акцентуацияланған жеке тұлғалар – олар науқас адамдар емес, олар өздеріне ғана тән индивидуалды ерекшеліктерге ие болған сау индивидтер. Бірақ психопаттерді акцентуанттардан немесе акцентуант еместерден бөліп көрсететін шекараларды қай жерде екенін К.Леонгард нақты жауап бермейді. Мінездің акцентуациялануы – адамның әрекеті мен істерінде көрініс беретін мінез ерекшеліктеріне қарағанда жиі басымдылық танытатын, күшті дамыған мінез ерекшеліктері. Мінездің акцентуацияланған типтері – әр түрлі жағдайлардағы адамның қылығын анықтайтын, мінездердің басқа қасиеттеріне қарағанда жетекші орын алатын және басқалардың жәрдемімен ерекше дамитын мінездің типтік қиылысқан көрсеткіші. Мінез акцентуациясы – психопатиялармен шектесіп, норманың шеткі варианттарын көрсететін белгілі бір мінез бітістері мен олардың үйлесімдерінің ерекше көрінісін білдіретін, К. Леонгардпен ұғым. Акцентуация (Мінезді қараңыз) басқа қасиеттерінен қандай да бір қасиеттің немесе белгінің бөлініп ерекше дамуы. Азды-көпті қалыптасқан акцентуация осымен өзін дамуын аяқтамайды. Тұлғаның өмір сүру барысында акцентуация өзгеруі мүмкін. 25–30 жаста психопатиялы адамдар психикалық тұрақтылық жағынан өзгереді, қалыпты жағдайда еңбек етіп, өзінің психикалық сау еместігін көрсетпеуі де мүмкін деп П. Б. Ганнушкин көрсеткен.

Демонстративті (истероидты) (М) – бұл тип адамның зейін ортасында болғысы келгенде көрінеді, бұл кезде ол не істеп, қалай істеп отырғанын ұмытады. Демонстративті типке жоғары ығыстыру қабілеті және әлеуметтік ортаға тәуелділік, өзін-өзі сендірушілік тән.

Педантты (жоғары пунктуалды) (М) – өткенге көп уақыт бойы ренжу, түкке тұрмайтын жағдайларға маңызды көңіл аудару, белгілі бір мінез-құлық үлгілерін ұстанушы, дәстүрді ұстанушы, тұйықталған, жоғары жауапкершілік тип.

Тұйықталған тип (М) – бір күйден екінші күйге ауысу ауырлығы, ал оның негізгі қыры – бұл жоғары бағалы идеялардың қалыптасуы, соған ерекше маңыз білдіреді және қызметке өзінің және басқа адамның өмірін қоюға дайын болады.

Қозғыш тип (эпилептоидты) (М) – өз әсерлерін, сөзін және мінез-құлқын күшпен басқарады. Аяқ асты бүлінгіш және әлсіз тігіркендіргіштерге күшті реакциямен жауап береді. Өткен өшпесіне қайта оралып, өш алуға бейім.

Гипертимді тип (Т) – үнемі көтеріңкі көңіл-күймен жүреді, іс-әрекетке деген құштарлық, айналасындағыларға әрдайым аса зейінді болмағандықтан, өзінің жеке күйін күшпен басқарады. Бала – болашақ гипертим, таңертең оянганда күліп тұрады және жағымды әлемдік қатынас объективті жетістіктерге әрдайым шартталған емес.

Дистимді тип (Т) – керісінше, төмен көңіл-күймен, өмірдің қараңғы жақтарына көп көңіл бөледі. Бала оянганда жылап тұрады, ал ересек жаста өмірдің жақсы жақтарын қабылдамайды, қоршағандардың одекватты емес кінә сезімдерін тудырып, соған байланысты топта жоғары статусы болмайды.

Қауіпті–қорқақ тип (Т) – қоқақ, тіпті өмірдің қиын емес тапсырмаларымен байланысты болғанда да үнемі қауіпті сезінеді.

Циклотимді тип (Т) – жоғарыда көрсетілген екі типтің кемшіліктерін біріктіреді. Тұлғаның патологиялық дамуында моникалды-депрессивті психозға әкеледі. Эмотивті тип (Т) – сезімдерімен өмір сүреді, барлық эмоционалды күйдің диапазонын қобалжиды, басқа адамдардың көңіл-күйін тез қабылдайды.

Аффективті–экзальтировты тип (Т) – нәзік және әсершіл адамдар, шындық өмірді иллюзорлы әлемге ауыстырады.

Темперамент қасиеттеріндегі көптүрлілік даралық ерекшеліктер кешенін тұтастай сипаттай алмайды. Адамдар арасындағы айырмашылықтардың көптүрлілігі соншалық, олар өмірдің барлық қырларынан көрінеді. Адамдар тек сырт бейнесі мен ғана емес, күллі психикалық құрылымымен, яғни басқа адамдармен зеттаға қатысты әрекет-қылық мәнерімен, қарым-қатынасқа түсу тәсілдерімен ершеленеді. Әр адамның психикасымен тұлғасына қайталанбастық тән. Бұл адамның даралығын көрсетеді. Мінез – даралықтың негізгі құраушы бөлігі. «Мінез» сөзі өмірде және көркем әдебиетте кеңінен қолданылады. Басқа адамдармен қатынаса отырып әр адам өз мінезі танытады және өзгенікін бағалайды. Күнделікті өмірде қауым мінезді «жақсы», «жаман», «ауыр», «жеңіл» деп сипаттайды. Ара қатынасымыз бұзылған жағдайда, әдетте: «Мінезіміз келіспеді», – деп жауап береміз. Түрліше мінез иелері ұқсас жағдайларда әр түрлі әрекет етеді, күйзеледі [5, 62]. Егер біз келесі адамның мінезін жетік білетін болсақ, онда бізге оның әрекеттерін түсіну де оңайға соғады, ендеше, ол адаммен қатынарудың тиімді стилін таңдап, белгілі жағдайлардағы әрекет-қылықтарын болжай аламыз. Мінез ерекшеліктері жайлы білім мамандарды жұмысқа қабылдауда, жауапты қызметке тағайындауда, бірлескен әрекетті орындауды тапсыруға байланысты топтарға біріктіруде маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Личко А.Е. Типы акцентуаций характера и психопатий у подростков. – М.: ООО АПРЕЛЬ ПРЕСС, ЗАО Изд-во ЭКСМО-Пресс, 1999. – 416 с. (серия «Психология XX века»).

2 Смишека Г. Акцентуации характера и использование опросника // Методические рекомендации для практических психологов. Составила В.Г. Сахарова. – Владивосток, 1998.

3 Личко А.Е. Психопатии и акцентуации характера у подростков. – Ленинград: Медицина, 1983.

REFERENCES

- 1 Lichko A.E. Tipy akcentuaciy haraktera i psihopatii u podrostkov. – M.: OOO APREL PRESS, ZAO Izd-vo EKSMO-Press, 1999. – 416 s. (seriya «Psihologiya XX veka»)
- 2 Smisheka G. Akcentuacii haraktera i ispolzovanie oprosnika // Metodicheskie rekomendacii dlya prakticheskikh –pshologov. Sostavila V.G. Saharova. – Vladivostok, 1998.
- 3 Lichko A.E. Psihopatii i akcentuacii haraktera u podrostkov leningrad medicina. – 1983.

ТУЙІН

М. Ханафия,
Г.У.«Ясли-сад № 22 санаторного типа для тубинфицированных детей города Павлодара»

Ж.К. Даниярова, кандидат педагогических наук
Инновационный Евразийский университет (г.Павлодар)

Акцентуаций поведения личности

В характере человека отражается история взаимоотношений со внешней средой. В поведении широкий смысл понятия. Акцентирование характера – сильно развитые чувства в которых проявляются в приоритетности и в особенности поведения. Акцентуация представляет всегда определенное усиление знаков, таким образом, это знак личности акцентуация. Характер формируется на протяжении всей жизни. Совместные жизненные облику мысли, чувства и образы действий. Поэтому, наряду со становлением определенного жизненного образа человека, его «Я», качества, которое определяется появлением.

Ключевые слова: индивидуальность, сила, зрелость, замкнутость.

RESUME

M. Khanafia

«Kindergarten № 22 of sanatorium type for children infected by tuberculosis in Pavlodar city»

J.K. Daniyarova, candidate of pedagogic sciences
Innovative University of Eurasia (Pavlodar)

Accentuation of individual behavior

The nature of a person reflects the history of relationships with the external environment. In the behavior lies the broad meaning of the concept. Accentuation of the nature is a strongly developed feeling in which the priorities and, in particular, the priorities of behavior are manifested. Accentuation is always a certain strengthening of signs, so it is a sign of personality accentuation. Nature formation is a lifelong process. Joint life forms of thoughts, feelings and modes of action. Therefore, along with the formation of a certain life-style image of a person, its "self", a quality that is determined by the appearance.

Keywords: individuality, strength, maturity, restraint.